АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№16 (465) // 12 ақпан // бейсенбі // 2026 жыл

● ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Онда Премьер-Министр Олжас Бектенов экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының ел экономикасын одан әрі нығайту жөніндегі алға қойған міндеттеріне, Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген стратегиялық мақсаттарға сәйкес Үкімет 2025 жылы жүйелі өзгерістерге бағытталған іс-шаралар қабылдаған. Нәтижесінде экономиканың орнықты өсімін сақтап қалуға қол жеткізілген.

● Алма ЕСЕНБАЙ

Инфрақұрылымды жаңғырту және ірі өнеркәсіптік жобаларды жүзеге асыру басым бағыт ретінде айқындалған. Микро және шағын бизнесті қолдауға баса назар аударылған. Бұл ретте инфрақұрылымдық қолдау шараларын бір жүйеге келтіретін «Іскер аймақ» бағдарламасы бекітілген.

Үкіметтің 2026 жылға арналған негізгі басымдығы – халықтың табысын арттыру. Бұл ретте өндірістер құруға, кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға және тұрақты жұмыс орындарын ашуға бағытталған жүйелі шаралар жүзеге аспақ. Биыл цифрландыру мәселесіне де айрықша назар аударылмақ. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру жылы аясында экономиканың барлық саласына озық технологиялар мен ЖИ енгізу және Цифрлық мемлекет құру міндеті қойылып отыр. Алайда бұл бағыттағы жұмыс тиісті деңгейде жүріп жатқан жоқ. Экономиканың нақты секторында цифрландыру процестері әлі де бастапқы сатыда. Осы күнге дейін салалық деректер қорлары толық қалыптаспай отыр. Осы және басқа да мәселелердің барлығы Үкімет әзірлеген «Digital Qazaqstan» стратегиясында өз шешімін табуы тиіс, ол барлық цифрлық бастамаларды жалпыұлттық бағдарламаға біріктіреді.

Олжас Бектенов өз баяндамасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, энергия тапшылығы мәселелерін шешу, өнеркәсіпті дамыту және инвестиция тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға да тоқталды. Арнайы экономикалық аймақтардың өзінде инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз ету деңгейі небәрі 53%-ды, ал индустриялық аймақтарда бұл көрсеткіш 48%-ды құрайды. Осыған байланысты Үкімет арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда инфрақұрылымды жедел дамыту бойынша бірқатар қажетті шешім қабылдауда. Бұл ретте алдағы үш жыл ішінде Ислам даму банкі қаражатын тарту есебінен жаңа өндірістік нысандарға қажетті инфрақұрылым салуға 1 трлн теңге көлемінде инвестиция тартылмақ.

Премьер-Министр Президент қойған міндеттерге сәйкес инвесторларды тарту жүйесі жетілдіріліп жатқанын да атап өтті. Жобалар бастапқы кезеңнен құрылысы аяқталғанға дейін «жасыл дәліз» қағидасы бойынша сүйемелденеді. Мемлекет басшысының бастамасымен құрылып жатқан Алатау Сити қаласы инвестиция тартудың жаңа орталығына айналмақ.

Кеңейтілген отырыста ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке халықтың табысын арттырып, инфляцияны тежеуді тапсырды. Мемлекеттің тиімсіз шығындарын қысқарту үшін бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажеттігін алға тартты. Барлық мемлекеттік орган жауапкершілікті толық сезініп, тапсырмаларды уақытылы орындауы тиістігін айтты.

(Соңы 2-бетте)

● СЕМИНАР

Отандық аграрлық ғылымның айрықша құндылығы – тек жаңа сорттар мен гибридтерді шығарып қана қоймай, оларды өндіріске енгізуге ықпал етуінде. Бұл бағытта нәтижелі жұмыс істеп жатқандар қатарында Қарасай ауданының Алмалыбақ ауылында орналасқан Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын атауға болады. Аталмыш институт қабырғасында «Аграрлық ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу – АӨК-нің (агроөнеркәсіптік кешен) тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

Ғылым мен өндіріс ұштасса...

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Шараға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ (ҰАҒБО) басшылығы, еліміздің түрлі өңірлерінен келген жетекші ғалымдар мен сала мамандары қатысты.

Семинарға қатысушылар алдымен ҰАҒБО құрылымына кіретін жекелеген ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) дайындаған көрмемен танысты. Атап айтқанда, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ, Ж. Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ҒЗИ, сондай-ақ Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-дің «Қайнар» өңірлік филиалы өз жетістіктерін ұсынды. Аталған үш институттың ғалымдары өз әзірлемелерін таныстырып, өсімдік, жеміс-жидек, көкөніс сорттары мен өсіру технологияларының ерекшелігі туралы баяндады.

Одан кейін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дің бөлімдері мен зертханаларына экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия жұмысына «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның басқарма төрағасы Шолпан Бастаубаева жетекшілік етті. Ал бөлімдердің жұмысынан меңгерушілер мен ғылыми қызметкерлер хабардар етті. Мұндағы мамандар атап өткендей, 1996 жылдан бастап институт экспедициялар ұйымдастырып, өсімдіктердің жабайы түрлерін жинай бастаған. Қазіргі таңда оның генбанкінде 40 мыңнан астам бірегей өсімдік үлгілері сақтаулы. Сақтаудың үш түрі – қысқа, орта және ұзақ мерзімді нысандары қарастырылған, олар халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді.

Өсімдіктер биотехнологиясы зертханасының меңгерушісі Раушан Ержебаева ондағы жұмыс барысын әңгімелеп, мұнда отандық және шетелдік ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарының генетикалық әлеуеті зерттелетінін айтты. Семинарға қатысушылар сондай-ақ өсімдіктердің молекулалық-биологиялық талдауы, иммунитеті мен қорғау, биохимия және астық сапасын бағалау технологиясы зертханаларында болды.

Институт аумағында орналасқан үш зауытты аралау ерекше қызығушылық тудырды. Олар – жүгері, қант қызылшасының тұқымын өңдеу, мал азығы дақылдарының жоғары сапалы тұқымдарын өндіру, капсулалау және дәрілеу зауыттары. Бұл жобаларға «Ғылым қоры» АҚ қолдау танытуда.

Семинар-кеңес жұмысы бұдан ары институттың конференц-залында жалғасты. Пленарлық отырысты ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков ашып, семинардың негізгі мақсаты – ғылыми әзірлемелерді агроөнеркәсіптік кешенге енгізудің практикалық тетіктерін бірлесе талқылау, сондай-ақ селекция мен тұқым шаруашылығын дамытуға, аграрлық ғалымдар мен ауыл шаруашылығы өндірушілері арасындағы өзара байланысты нығайтуға ықпал ету екенін атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығын дамыту және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Қазақстанның болашағы мұнай мен минералдарда емес, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған аграрлық салада, – деген Ербол Қуанышұлы аталмыш саладағы қаржыландыру мен субсидиялау мәселесіне тоқталып, дәнді дақылдар мен монодақылдарға, ылғал үнемдеу технологияларын қолданудың маңыздылығына баса назар аударды.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ басқарма төрағасы Бауыржан Асанов өз сөзінде ғылым мен өндіріс арасындағы өзара байланысты жолға қою қажеттігін алға тартты. Оның айтуынша, отандық аграрлық ғалымдардың жақсы әзірлемелері бар, ендігі маңызды міндет – оларды өндіріске енгізу.

Шолпан Оразқызы биыл институттың алғаш рет уақытылы қаржыландырылғанын жеткізіп, аграрлық ғылымға тиісті қолдау көрсетілсе, ғалымдардың үлкен жетістіктерге жете алатынын айтты.

Баяндамалар легін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дің мал азығы дақылдары зертханасының бас ғылыми қызметкері Ғалиолла Мейірман жалғастырды. Ол малға арналған дақылдарды селекциялау және тұқым шаруашылығы бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар «Жетісу» АӨК және «Абзал и К» ТС сияқты шаруашылықтардың озық тәжірибелері таныстырылды. Семинар барысында өзекті мәселелер де талқыланды.

Айта кету керек, семинар-кеңес тәжірибе алмасуға және тиімді шешімдер қабылдауға арналған маңызды алаңға айналды. Оның аясында атқарылған жұмыстар аграрлық ғылымның, жалпы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң ықпал етеді деп сенеміз.

Қарасай ауданы

● ҮНҚОСУ ҮНҚОСУ ●

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Жаңа Конституция жобасы еліміз үшін ең маңызды құжат болғандықтан комиссия отырысында айтылған пікірлер мен ұсыныстарды қалт жібермей қадағалап отырмыз.

Бұл ретте Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның оныншы отырысында Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеновтің айтқан пікірі көңілден шығады. Ол Қазақстанда бір палаталы Құрылтайды ықтимал тарату тетігін икемді етуді, жаңа Ата Заң жобасында Құрылтайды жасанды түрде тарату қаупін жоюды ұсынды. «Атап айтқанда, 46 және 62-баптардың бастапқы редакциясы негізгі тағайындауларды қайта келісуден бас тартқан кезде Құрылтайдың таратылуын көздеді, бұл «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына сәйкес келмейді. Қоғамда, әсіресе, әлеуметтік желілерде және сарапшылар ортасында Құрылтайды таратудың негіздері қызу талқыланды. Сондықтан «AMANAT» партиясының фракциясы 46 және 62-баптың «Президент таратады» деген тұжырымдамасын «Президент таратуға құқылы» деп өзгертуді ұсынады. Осының нәтижесінде Құрылтайды жасанды түрде тарату және саяси дағдарыс мүмкіндігі жойылады. Ұсынылған нақтылау – бұл жүйені іштен шайқалтудан, оны жасанды түрде жасалған келіспеушілік арқылы істен шығарудан және елді ұзаққа созылған институционалдық дағдарысқа тартуға тырысудан сақтандырудың бір түрі. Бұл өзгерістер реформалар логикасына және Әділетті Қазақстан моделіне сәйкес келеді. Сондай-ақ комиссия мүшелеріне 62-баптың екінші тармағына «Президент ұсынған кандидатураны тағайындаудың» орнына «Президент ұсынған әрбір кандидатураны тағайындау» деген нақтылау енгізуді ұсынғым келеді. Бұл осы баптағы әркелкілікті болдырмауға мүмкіндік береді», – деді ол.

Халық қалаулысы ұсынған ұсыныстың толық қолдаймын. Конституция отырысында айтылған өзге де ой-пікірлер көңілден шығады. Оның барлығы ескеріліп, жаңа мәтіндегі жаңа Конституция ел азаматтарының құқығын толықтай қорғайды деп сенемін.

Сәбетбек ЕРКІНБАЙҰЛЫ,
еңбек ардагері,
Алматы облысының және Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы

БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН

Қазіргі таңдағы қоғамның басты назары – ел талқысына ұсынылған жаңа Конституция жобасы. Бұл құжатты өңірлерде ашық әрі жан-жақты түсіндіру айрықша маңызға ие.

Себебі Конституция жобасы еліміздегі қазіргі саяси және экономикалық өзгерістерді айқын көрсетіп, Қазақстанның алдағы даму бағытын айқындайтын жаңа бағдарларды бекітеді. Менің ойымша, бұл – болашаққа бағытталған прогрессивті жоба. Онда адам капиталына ерекше мән беріліп, мемлекеттің стратегиялық дамуының негізгі өзегі ретінде қарастырылған. Құжатта мемлекеттің ұзақ мерзімді әрі жүйелі бағыты айқындалған. Атап айтқанда, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты саяси жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты тетік ретінде көрініс тапқан. Бұл басқару үлгісі билік тармақтарының өзара тепе-теңдігін сақтай отырып, халық алдындағы жауапкершілікті күшейтеді.

Өңірлерде Конституциялық реформаны қолдау белсенді түрде жүріп жатыр. Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің басты басымдығы – адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау екені нақты көрсетілген. Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік ел дамуының негізгі факторы ретінде айқындалған. Бұл – қоғамды біріктіретін, жауапты әрі жасампаз патриотизм қағидаттарын нығайтатын қадам.

Мен үшін аса маңыздысы – жаңа Конституция жобасында мемлекеттің орнықты дамуына баса назар аударылуы. Бұл – Қазақстанның әрбір азаматы ел үшін стратегиялық ресурс деген сөз. Яғни мемлекет дамуының түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, болашақ ұрпақ үшін берік әрі әділетті қоғам қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда жаңа Конституция жобасы ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайтып, Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын маңызды құжат болмақ.

Ләззат БАЙДУАНОВА,
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың әдебиеттерді ғылыми өңдеу бөлімшесінің басшысы

● КӨШПЕЛІ КЕҢЕС

Қолдау барда даму бар

Көктем жақындап келеді. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дала жұмыстары басталуға аз қалды дегенді білдіреді. Жауапты науқанға орай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастамасымен халықты мемлекеттік қолдау шаралары мен несиелеу бағдарламаларынан хабардар ету мақсатында көшпелі кеңес өтті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Талғар аудандық әкімдігінде өткен жиынға фермерлер, шағын және орта бизнес өкілдері, ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің басшылары жиналды. Кеңеске облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің өсімдік шаруашылығы, тұқым шаруашылығы және техникалық бақылау қызметінің бас маманы Алмас Ақылбеков, облыстық «Аграрлық несие корпорациясының» өкілі Нұрмәди Әлібаев, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Әсел Қарымсақова, «Қонаев» ӘКК мемлекеттік жұмыстарды іске асыру департаментінің бас менеджері Шерхан Ибадуллаев қатысты.

Шараны жүргізіп, модераторлық еткен аудан әкімінің орынбасары Әнуар Әскербеков көшпелі кеңес Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен өткізіліп отырғанын атап өтті.

Кеңесте бірінші болып сөз алған Алмас Ақылбеков облыстың ауыл шаруашылығы секторындағы жағдайдың жай-күйі туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Оның түсіндіруінше, қазіргі уақытта облыста көктемгі егіске дайындық бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Егін салу үшін 63 тонна тұқым дайын. Аймақта барлығы 20 тұқым шаруашылығы және 9 сатушы нысан жұмыс істейді. Бұл саланы дамыту мақсатында биыл жергілікті бюджеттен 502 млн теңге бөлінген. Ал тұқымдық және отырғызу материалының сорттық және егістік сапасын анықтауға – 52 млн теңге, минералдық тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға – 1,1 млрд теңге, пестицидтер мен биологиялық препараттардың құнын субсидиялауға 264,6 млн теңге бағытталған. Ол сондай-ақ отандық тыңайтқыш өндірушілерден тыңайтқыштарды сатып алу кезінде алдын ала өтінім бойынша олардың құнының 5 пайызын шаруашылықтар төлейтінін, ал қалған бөлігін мемлекет субсидия ретінде өтейтінін жеткізді. Ол үшін ақпан айынан бастап тиісті өтінімдерді жіберу қажет. Көктемгі егіс жұмысын жүргізу үшін «Кең дала» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 6,2 млрд теңге болатын 83 өтінім мақұлданған. Баяндамашы сонымен бірге биылғы көктемгі егіс жұмысының уақытылы және сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында «Кең дала – 2» жеңілдікті несиелеу бағдарламасы аясында облыс бойынша 10 млрд теңге көлемінде қаражат қарастырылғанын атап өтті.

– Бұл қаражат қаржы жеткіліксіз болған жағдайда қосымша мүмкіндіктер үшін көзделген. Осыған байланысты тиісті өтінімдерді «Аграрлық несие корпорациясына» жіберуге болады. Аграршыларды арзан дизель отынын алу үшін де мемлекеттік қолдауды пайдалануға шақырамын. Бұл өтінімді Gosagro порталына жіберуге болады. Талғар ауданы бойынша 6 тауар өндіруші 761 тоннаға өтінім берген. Дизель отынының құны – 250 теңге. Облыс бойынша 970 тонна дизель отыны бөлінген. Сондай-ақ материалдық-техникалық базаны жаңарту бойынша лизингке сату мүмкіндіктері бар. Бұл мақсатқа 640 техника бірлігі қарастырылған, – деді Алмас Ақылбеков.

Ал Нұрмәди Әлібаев «Аграрлық несие корпорациясындағы» жеңілдікті несиелендіру бағдарламалары туралы кең көлемде әңгімеледі. Оның айтуынша, «Кеңдала» бағдарламасы бойынша 18 ай мерзімге жылдық 5%-бен несие беріледі. Ол «Даму» қорының кепілдігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі мен айналым қаражатын толықтыруға және көктемгі егіс жұмысын жүргізуге арналған. Несие сомасы – 200 млн теңгеден 3 млрд теңгеге дейін. Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған «Агробизнес» бағдарламасы бар. Ол – 80% қарыз қаражатын алып және 20% өз қатысуымен мемлекеттік стандарт бойынша жасалған бордақылау алаңын субсидиялауға және құс фабрикаларының қажеттілігіне бір жыл мерзімге 5%-дық мөлшерлемемен беріледі.

Әсел Қарымсақова қатысушыларға лизингке техника сатып алу шарттарын түсіндірді. Өтінімдер онлайн қабылданады және 5 күн ішінде мақұлдануы мүмкін.

Шерхан Ибадуллаев өз ісін жаңа бастаған аграршыларды қолдауға арналған «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы туралы баяндады. Оның айтуынша, 2023 жылдан бастап Алматы облысында кәсіпкерлікті дамытуға, жұмыс орындарын құруға және ауылдың экономикалық тұрақтылығын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» – ауыл халқының табысын арттыру бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама аясында ауыл бастамаларын қолдауға 13 млрд-тан астам теңге бөлініп, бұл 1400-ден астам жобаны қаржыландыруға мүмкіндік берді.

«Ауыл аманаты» аграрлық секторды ғана емес, қызмет көрсету саласын да қамтиды. Алматы облысының елді-мекендерінде техникалық қызмет көрсету стансалары, көлік және логистикалық қызметтер, қоғамдық тамақтану нысандары, сауықтыру және тұрмыстық сервистерді қоса алғанда, 98 сервистік жоба ашылды және кеңейтілді. Осы бағыттарды дамыту өмір сүрудің қолайлы ортасын қалыптастыруға, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және халықтың ауылдық жерлерден кетуін төмендетуге ықпал етеді. «Қонаев» ӘКК-нің «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға қатысуы Алматы облысының ауыл аумағын әлеуметтік-экономикалық дамытуға елеулі үлес қосты.

Жалпы көшпелі кеңес нәтижелі өтті. Қатысушылар өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша сұрақтар қойып, тиісті жауап алды. Бастысы, кеңеске қатысушылар қай салада болсын, мемлекеттік қолдау барда даму болатынына көз жеткізіп қайтты.

Талғар ауданы

Халықтың әлеуетін арттыру – басты мақсат

(Басы 1-бетте)

– Біздің басты мақсатымыз – қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру. Сарапшылар әлем экономикасының өсімі баяулап, халықаралық сауда қарқыны әлсірейді деген болжам жасауда. Дамушы елдерге салынатын жаһандық инвестиция көлемі азайып барады. Қаржы саласы тоқырауға ұшырауы мүмкін. Бүгінде көптеген ел өз нарығын қорғау шараларын күшейтіп жатыр. Мемлекеттер арасында өзара тарифтік шектеу қою үрдісі белең алды. Жаһандану үдерісі кері сипат ала бастады. Мұның бәрі әлемдегі геосаяси ахуалды өзгертіп жатыр. Бірақ негізгі әрі шешуші оқиғалар әлі алда.

Дүниежүзінде мүлде жаңа үдерістер пайда болуда. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін біз осы өзгерістерге экономикалық және саяси тұрғыдан бейімделуіміз қажет. Бұл – аса маңызды міндеттің бірі.

Бұрынғы тәсілдер қазір тиімсіз болып қалғанын көріп отырмыз. Озық мемлекеттер әлем экономикасын дамытудың жаңа үлгісін әзірлеуге кірісіп кетті. Біз де бұл үдерістен шет қалмауымыз керек.

Ұлт мүддесін қорғау үшін экономиканы нығайтуға және дамытуға арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүниежүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Біздің миссиямыз – айқын: экономикалық өсім жоғары сапаға ие болуы керек, яғни, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға тиіс. Басқаша айтсақ, ішкі жалпы өнім артқан сайын азаматтардың нақты табысы да көбеюі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған негізгі міндет, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы өз сөзінде жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу – экономикалық дамудың басты арқауы болуы керегін айтты. Цифрлық тәсілдер арқылы артық шығынды қысқартып, әкімшілік кедергілерді еңсеруге, басқару ісіндегі тиімсіз шешімдерді барынша азайтуға болатынын жеткізді.

– Жасанды интеллектіні толыққанды енгізу бүкіл цифрландыру саясатының өзегі болуға тиіс. Жасанды интеллектіге негізделген аса маңызды цифрлық жобаларды жүзеге асыру мәселесін айрықша назарда ұстау керек. Үкімет мұндай жобаларды толық әрі уақытылы қаржыландыру үшін негізгі басымдықтарды нақты белгілеп алуы қажет. Әйтпесе, ауқымды жоспардың бәрі қағаз жүзінде қалып қояды. Алдымызда айқын бағдар болмаса, қандай стратегиямен де мақсатқа жету оңай болмайды.

Соңғы кезде мемлекеттік цифрлық жүйелердің жұмысынан ақау шығып жүр. Бұл қазіргі IT-тәсілдердің технологиялық жағынан ескіргенін және басқару сапасының төмендігін көрсетеді. Мұндай олқылықтар мемлекеттің бизнес өкілдерімен және азаматтармен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ тиімді цифрлық орта қалыптастыру жұмысын тежейді, – дей келе, цифрлық өзгерістің бәрі QazTech платформасының негізінде жасалуға тиіс екенін алға тартты.

Мемлекет басшысы инвестиция тартуға арналған біртұтас стратегия қажеттігін де жеткізді. Бұл стратегияда, ең алдымен, жоғары технологиясы бар заманауи өндірістер ашуға басымдық берілуге тиіс екенін айтты. Үш айдың ішінде арнайы экономикалық аймақтарды дамытудың жаңа үлгісі бекітілуі керегін атап өтті. Қазақстанның инвестициялық әлеуетін көтеруге, бәсекелік артықшылықтарын дамытуға баса мән берілуі қажеттігіне де тоқталды.

– Жедел даму жолына түскен Алатау қаласы жаңа инвестициялық кезеңнің негізгі жобасы болуға тиіс. Бұл – Smart City қағидатына сәйкес барлық салаға озық инновациялар енгізу, жасанды интеллекті мен цифрлық технологияны қолдану деген сөз. Онда капитал тарту үшін теңдесі жоқ жағдай жасалып, жаңа, батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін үздік реттеу режимін қалыптастыру қажет. Осы маңызды мәселе бойынша менің тапсырмаммен Конституциялық заң әзірленіп, Парламенттің қарауына ұсынылды, – деді.

Президент мемлекеттік қызметкерлердің интеллектуалды деңгейі мен оқу мәдениетіне қатысты да сөз қозғады. Кейбір Үкімет мүшелерінің тіпті маңызды стратегиялық мақалалар мен сұхбаттарды соңына дейін оқымайтынына қынжылыс білдірді. Қазіргі интернет заманында адамдар ұзақ мәтіндерді қабылдаудан қалып бара жатқанын, маңызды ақпаратты оқудың орнына, оның қысқаша мазмұнын тыңдай салуға көшкенін айтты.

– Бұл мемлекеттік қызметкерлерге жараспайтын әдет. Оқу керек. Әйтпесе, зейнет жасына жеткен кезде, ойлану қабілетінен айырылып қаласыздар. Бұл – өте қауіпті. Сондықтан көп оқыңыздар, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы интеллектуалды еңбекпен айналысатын адамдар үшін кітап оқудың маңызын қадап айтты. Шенеуніктерге интернетке тәуелді болмай, тереңірек ізденуді тапсырды.

● ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

Қос қуаныш

Ел басына күн туған сындарлы сәтте қан майданға аттанып, Отан қорғау жолында батырлықтың шынайы үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерлігі – ұрпаққа өнеге. Кеген өңірінің жұртшылығы майдангерлер рухына тағзым етіп, олардың есімін кейінгі ұрпақ жадында қалдыру мақсатында игі істер атқарып келеді. Жуырда тағы бір тағылымды шараның куәсі болдық. Алғабас ауылындағы көшеге ерлігі ел есінде қалған Екінші дүниежүзілік соғыс және еңбек ардагері Қадыр Сәулеевтің есімі берілді.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ ————

Салтанатты шараға Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Алмасбек Нөкербанұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Қуанышбек Төлепбердиев, мекеме басшылары, соғыс ардагерлерінің ұрпақтары қатысты.

– Алғабас ауылында тағы бір тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Болашақ ұрпаққа үлгі бола білген, ел тыныштығы үшін жанын қиған Қадыр атамыздың есімі көшеге берілуде. Бұл – біздің азаматтық борышымыз. Сондықтан осы игі бастамаға атсалысқан барша ағайынға алғысымды білдіремін, – деді аудан басшысы Нұрбақыт Теңізбаев.

Жиналған көпшілік ардагерлердің бейбіт өмірде абыроймен атқарған қызметі мен еселі еңбегін атап өтті.

– Адам баласы тарихта сансыз зұлматты басынан кешірді. Бірақ соның ішінде Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы сұмдық болды. Қаншама отбасы қара жамылды. Соғыста ерлік көрсеткен жандардың есімі ешқашан ұмытылмайды. Олардың батырлық қасиеті жас ұрпақты отаншылдыққа бастайды. Сондай соғыс ардагерінің есімі көшеге берілуі – құптарлық іс, – деген ауыл тұрғыны Әріп Сыбанбаев жиналған көпшілікке ақ батасын берді.

Майдангердің өмір жолы ұрпақ жадында жаңғыра берері сөзсіз. Жеңістің 80 жылдығына орай өткен бұл шара болашақ ұрпаққа бейбітшілікті бағалауды үйретін маңызды қадам болмақ.

Бұл күні Алғабас ауылдық округіне қарасты Жаңаталап елдімекенінде де «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа медициналық пункттің ашылу салтанаты өтті. Бұл – ауыл халқы үшін қолжетімді әрі сапалы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік нысан. Алғабастықтардың қуанышымен ортақтасқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов жаңа медициналық мекеменің ашылуымен ауыл жұртшылығын құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласына ерекше қолдау көрсетіп, Алматы облысына 38 медициналық мекеме салуды тапсырған болатын. Облыс басшысы бұл іске айрықша көңіл бөліп, толықтай 38 нысанның салынуына игі ықпал етті. Соның алтауы Кеген ауданында салынуда, – деді ол.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев бұл шалғай ауыл тұрғындарының медициналық көмек алу мүмкіндігін арттыруға бағытталған бастама екенін атап өтіп, Алғабас ауылдық фельдшерлік-акушерлік пунктінің мейірбикесі Әсем Мұсаеваға жаңа ғимараттың символикалық кілтін табыс етті.

Одан кейін сөз кезегі аудандық мәслихаттың төрағасы Алмасбек Нұғыман мен Алғабас ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Смағұл Рысқұлбекұлына берілді. Олар ауыл халқы атынан алғыстарын жеткізіп, ел игілігіне қызмет ететін нысанның жұмысына табыс тіледі.

Бұдан соң облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, Алғабас ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бегалы Сыдыбайұлы жаңа ғимараттың лентасын қиды. Жиналған көпшілік нысанның ішін аралап көрді. Жаңа ғимарат жұмысымен аудандық ауруханаңың директоры Қуаныш Бөлегенұлы таныстырды. Нысан қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Жаңадан ашылған медициналық пункт ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттырып, дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетіп, адам денсаулығын жақсартуға қызмет етері сөзсіз.

Кеген ауданы

● ӨНЕГЕ

Азаматын ардақтаған

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген аталы сөз тегін айтылмаған. Ауылының абыройы мен мәртебесін көтеріп жүрген азаматтар арамызда аз емес. Олар – туған жеріне тұ тіккен ел мақтаныштары.



Қарасай ауданына қарасты Елтай ауылдық Мәдениет үйінде «Тұғыры биік туған ел» тақырыбында ауыз толтырып айтарлық игілікті іс-шара өтті. Аты айтып тұрғандай, аталмыш шараның көтерер жүгі салмақты болуымен әрі мәні мен маңызының тереңдігімен жиналған қауымның бірден назарын аударды. Олай болатын жөні де бар.

Құрамына тоғыз елдімекен кіретін Елтай ауылдық округінің кеңдігі де керемет. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген мақсатпен осы ауылдағы елге танымал өлкетанушы, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, жарты ғасырлық ұстаздық жолдан өткен ардагер Орынбасар Жанәділ жақсы бастаманың иесі атанды. Ол Қарасай аудандық Мәдениет үйіндегі мұражайдан ауылдардағы белгілі тұлғалардың басын қосып, арнайы бұрыш ашты. Оның бұл арманы айналасындағылардан қызу қолдау тапты.

Береке ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әбдіжапар Көшербаев, Мәдениет үйінің директоры Қолқанат Ізмаханов, «Асыл ана» ұйымының жетекшісі Күлпан Исабаевалар өлкетанушының бастамасын қолдай отырып, жан-жақты көмек көрсетті. Ал жергілікті кәсіпкерлер Арын Тәттібаев пен Болат Дүйсебаевтар демеушілік жасап, қол ұшын берді. Сөйтіп, «Тұғыры биік туған ел» бұрышы көрнекілігімен көпшіліктің игілігіне берілді. Оған облысқа белгілі тұлғалардың портреттік суреттері, жүріп өткен жолы мен өмірбаяндары ілінді. Атап айтқанда, Кеңес өкіметін құруға атсалысқан Байбосын Тамабаев, Жүсіп Бабаев, Қорласбай Шабалов, Жұмаділ Ақымжанов, Түбек Есенқұлов, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, ұшқыш Сәт Жылқышиев, Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметованың майдандас қаруласы Бекболат Кереев туралы мәліметтер Мәдениет үйінің шырайын арттырып, мазмұнын толықтырып тұр. Бұрышта бейбіт күннің берекесін кіргізген азаматтар туралы ақпараттар да ілінген.

– Бұл – жақсы істің бастамасы ғана. Алда мұны толықтыра түспекпіз. Сол сияқты әр ауылдың тарихын бейнелейтін суретті альбомдар жасауды да қолға алмақпыз, – дейді өлкетанушы Орынбасар Жанәділ.

Осынау қастерлі бұрыштың тұсаукесер рәсімі салтанатты жағдайда ашылды. Ақ жаулықты аналар шашуларын шашты. Елтай ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әзербай Үркімбаев ақ батасын беріп, ағынан ақтарылды. Ауыл тұрғындары осындай еңбегі үшін Орынбасар Жанәділге алғыс айтып, сый-сияпат ретінде шапан кигізді. Алдағы ісіне бірауыздан сәттілік тіледі. Шарада «Асыл қазына» ансамблі көпшілікке арнап тамаша өнер көрсетті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ
Елтай ауылы,
Қарасай ауданы

● «САРАСӨЗ»

Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің «Сарасөз» медиаклубы тағылымды әңгімемен өрілген кезекті кездесуін өткізді. Бұл жолғы қонағымыз – ардагер-диктор Бақытжан Атагелдиев. Қазақ радиосында еңбек еткен, Нарынқол театрында актер, режиссер болып қызмет атқарған, Сарыбастау, Қайнар ауылдарындағы Мәдениет үйлерін басқарған кейіпкеріміз Мұқағали Мақатаев, Әнуарбек Байжанбаев сынды тұлғалардан бастап, қызметтес болған әріптестері жайлы естелігімен бөлісті. Белгілі ақын, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Кәдірбек Құныпияұлы ойға-ой қосып, жүздесуді өзі жүргізіп отырды.

Бақытжан АТАГЕЛДИЕВ, Қазақ радиосының ардагер-дикторы:

«КҮНДЕЛІКТІҢ ПАЙДАСЫН КЕШ ТҮСІНДІМ»

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

– Мұқағали Мақатаевтың қамқорлығын көп көрдім. Өзім Қарасаз ауылында дүниеге келгенмін. Менің әкем – Жұмаділ деген кісі Мұқағали ағамның құрдасы еді. Екеуінің де әкелері соғысқа кетіп, жетім қалған, жастайынан араласып, бірге өскен тағдырлас жандар. 1969 жылы әкем денсаулығыма байланысты Алматыға алып келді. Ауруханаға жатардың алдында Мұқағали ағаның үйіне барып, қонғанбыз. Әкемнің қасымда қалуға уақыты болмады. Ота жасалғаннан кейін Мұқағали ағам: «Сен жұмысыңнан қалмай кете бер. Өзім қараймын», – деді. Ол кезде «Жұлдыз» журналында істейді. Күн сайын хал-жағдайымды сұрап, керек-жарағымды әкеп беріп кетеді. Ауруханадан шыққан соң, Нарынқолға қарай жүретін такси жүргізушімен сөйлесіп: «Әй, мына бала ауруханадан шықты. Бала деп орнын тартып алмаңдар. Қамқорлық жасап, алып барыңдар», – деп алдына отырғызып, шығарып салды. Бұл ақынның маған жасаған бірінші қамқорлығы еді.

1971 жылы оқуға тапсыруға Алматыға келдім. Ондағы білетін жалғыз қазағым – Мұқағали ағам. Ол кісі: «Өз күшіңе сен. Менен жәрдем күтпе. Өзімнің балам үшін де біреуге барып, көмек сұраған адам емеспін. Тәлейіңнен көресің», – деді. Содан бір айға жуық үйінде болып, емтиханға дайындалдым. Бірақ жолым болмады. Келесі жылы ҚазҰУ-дың филология факультетіне тапсырып, тағы сүріндім. Үш сабақтан бес алып тұрып, шет тілінен өте алмай қалдым. Содан Әуезов театры жанындағы студия емтихан қабылдап жатқанын біліп, сонда бардым. Онда Мұқағали ағамның өлеңін оқып, оқуға түстім.

Театр студиясының бірінші курсын бітіргеннен кейін ауылға демалысқа кеткенбіз. Мұқағали ағам аудандық газеттің редакциясына қоңырау шалып: «Бақытжанды тауып, маған жіберіңдер. Радио дикторлыққа конкурс жариялап жатыр», – депті. Келуін келдім. Бірақ «Байжанбаевтардың қасында отыратын мен кіммін?» – деген күдігімді де айттым. Олардың атағы жер жарып тұрған кез. Сауық Жақанова, Мырзабек Қуатбековтерді радиодан күні-түні естиміз. Онда бару маған мүмкін емес сияқты көрінді. Мұқағали аға: «Сөзді қой. Қатысасың», – деді. Конкурстан Аманжан Еңсебайұлы екеуміз өттік. Мұқағали ағамның тағы бір шапағаты сол болды. Әйтпесе радиоға келу қайда?!

Мен ақынның бір тапсырмасын орындамадым. «Сен Қазақ радиосына келдің. Небір қазақтың марқасқа азаматтарымен араласып, тілдесесің. Күнделік жаз. Кейін саған керек болады», – деді. Мен болсам, ұмытпаймын деген сеніммен жүре беріппін. Кейін өкініп, бармағымды тістедім. Мұқағали жөнінде 4-5 естеліктің өзін әрең жаздым. Ойыма ештеңе түспейді. Күнделік болса, санама сәл қозғау салатын еді. Опера театрында Абай Байқабаев деген әнші болды. Ол кісі жайлы да кітап шығарарда қалам сілтей алмадым. 100 жылдығында он күн ойланып жүріп әрең жаздым. Мұқағали ағамның айтқанын орындасам, қаншама естелік туар еді. Күнделік жазудың пайдасын кеш түсіндім.

«Шалқар» радиосында Жолымбет Кейкелов деген ағамыз болды. Жоғарғы кеңестің «Ведомостар» баспасында бас редактор болып отырған Кемел Тоқаевпен сұхбатқа келісіп қойған екен. Ертең барамын деген күні көшеде біреулер ұрып кетіп, көзі ісіп кетіпті. «Ей, бала, мені құтқар. Кемел Тоқаевқа барып, сұхбат жүргізіп кел», – деді. Мен журналист емеспін ғой дегеніме қарамаған жоқ, күні бұрын дайындап қойған сұрақтарын қолыма ұстата салды. Кемел Тоқаев аса парасатты, білімді, аристократ адам екен. Жазушы ретінде барлық шығармасын қызығып оқыдық. «Шіркін-ай, бірге отырып сөйлесер ме еді» деп армандап жүргенмін. Сұхбат «Шалқар» радиосынан эфирге кетті.

Тағы бір көргім келген адам Ілия Жақанов еді. «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» шығармалары, «Бейсен» деген соқыр композитор туралы жазғаны талай жүректі тебіренткен. Радиоға диктор болып жаңадан келген кезім. Кейде студияда отырғың келмей, «без объявления» деп жібере саламыз. Бір концертті солай жіберіп, дикторлар кабинетіне келсем, Сауық отыр. Қасында бір қара кісі бар. Сәкең: «Концертің қайда?» – деп қалды. Бір пәлеге қалдым-ау деп, ішім қылп ете түсті. «Без объявления» деп айтып едім, ана кісі күліп жіберіп: «Бала жас қой, зеріккен шығар», – деді. «Мына кісіні танисың ба?». «Жоқ, танымаймын». «Бұл кісі музыка редакциясының бас редакторы Ілия Жақанов деген ағаң болады». Бір көрсем екен деп жүрген адаммен сол радиода таныстым.

Тың игерудің 20 жылдығы деп 1974 жылы Мәскеуден Брежнев бастаған топ Қазақстанға келді. Үлкен той өтті. Олар кеткеннен кейін радиоға Дінмұхамед Қонаев келетін болды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері ешкімді кабинетінен шығармай, күзетіп жүрді. Байжанбаев қолымнан ұстап алып: «Менің қасымнан кетпе, қазір сені Қонаевпен амандастырамын», – деді. Бір уақытта Димаш атамыз кірді. Қазақ радиосының студиялары жертөледе болатын. Сол жаққа қарай кететін жерде тұрмыз. Байжанбаевпен: «Әй, гүрілдегім, қалайсың?» – деп құшақтап, өзі амандасты. Мен қол беріп, амандық сұрадым. Денем ысып кетіп, бойыма нұр құйылғандай болды.

Мұның бәрі айналып келгенде сол Мұқағали ағамның жақсылығы ғой. Бойы да, сойы да келіскен, асқан келбетті, қазақ деген міне мынау деп мақтанып көрсететін адам еді. Жүзінен нұр төгіліп тұратын. Адамға ренжіп, ашуланып тұрса да, түрінен еш жамандық көрінбейтін. Өмірде ұялшақ болатын. Бір нәрседен қысылып, қызарып кетіп, ыңғайсызданып қалатын. Жастар жанында топ-топ болып көп жүрді. Студенттер сабағынан қашып келіп, әңгімесін тыңдайтын. Содан кейін де шығар, туған күні ешкімнің тапсырмасынсыз-ақ кез келген мектепте аталып өтеді. Бұл Мұқағали ағаның ақындық құдіреті, қуаты, дүниеден адал өткені, жырларының кереметтігі шығар, – деген кейіпкеріміз әрі қарай өзі қызмет еткен жылдардағы радионың, телевидение мен газеттің жай-күйі және қазіргі беталысы жайлы кеңінен сөз қозғады

– Біз қызмет істеген жылдары радиода тәртіп қатаң болатын. Ешқандай бөгде дыбыс болмауы керек. Не жазылды, соны оқисың. Кішкене ғана қателесіп кеткен жерің болса, сол үшін жауап бересің. «Шалқарда» Қатира Әзімбаева екеуміз концерт жүргізіп отырмыз. Әңгімеге айналып отырып, ол «Әшір Молдағайыновтың әні» дегенді «Әшір Молдағайыновтың әйелі» деп шатасты да, күліп жіберді. Микрофонды жауып үлгере алмай қалдық. Екеуміздің де күлкіміз тікелей эфирде кетіп қалды. Қалай студиядан шықтық, «Мемлекеттік комитеттің орынбасары Хамит Қасеновке шақырып жатыр» деді. Қазіргі министрдің орынбасары мәртебесіндегі адам ғой. Құрдық деп ойладық. Кіргеннен: «Сендерге республиканың эфирі ойыншық па? Не анау күлкі?» – деп дүрсе қоя берді. Содан бізді жарты жылдық сыйақыдан алып тастады. Ал осыдан кейін күліп көр. Ол заманда журналистердің өзін эфирге жібермейтін. Тек репортаж немесе сұхбаттарда ғана рұқсат беріледі. Хабар бірнеше бөлімнен өтіп барып бізге беріледі. Тұп-тура эфирге шығардың алдында қазір ғана келді деп, қолыңа ұстата салатын кездер, кейде бір жарғылар болады. Ондай сәтте қатты алаңдап отырасың. Кейін бірте-бірте оған да қалыптастық. Байжанбаев ағам: «Мен бірінші жолды оқығанда, астындағы екі-үш жолды көзім шалып отырады», – деп айтатын. Біз де соған үйрендік. Өйткені кішкене қате кетсе, таяқ жейтініңді білесің.

Қазіргі кейбір радиоларда үндестік заңы, сөз ырғағы, тіл тазалығына мән бермейді. Бір кездері журфакта «Сахна тілі» деген сабақ жүретін. Белгілі дикторымыз Сауық Жақанова, Өнер академиясының профессоры Татьяна Наурызбаевалар дәріс оқыды. Мынау радиоға, мынау теледидарға жақын деп бейіміне қарай топтарға бөлетін. Біздің бір бағымыз – бұл пәнді театр студиясында меңгердік.

Бүгінде әншілер, блогерлер хабар жүргізгіш болып кетті. Эфирдің рейтингін көтеру үшін солай істейді екен. Ондағы шоу деген нәрсе біздің ұлттық дәстүрді, қазақты құрту үшін жасалған дүние сияқты көрінеді маған. Шоу емес, қалаймақан шу ғой. Балашағам көрмесе екен деп отырасың.

Әр ақпарат көзінің өз орны бар. Мысалы, біз газетті аңсап тұрамыз. Баяғыда бір жалақымызды қиып, бүкіл газет-журналға жазылатынбыз. Пошта қызметкерлері: «Сен өзі тамақ жейсің бе, қағаз жейсің бе?» – деп күлетін. Ал ғаламтор күн санап дамып барады. Арасында пайдалысы да, зияны да бар. Қазіргі анық тажал телефон болды. Осы үшін азап көрмесек болды ғой.

Мұның бәрі – идеологияның жоқтығының салдары. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз кезінде қандай еді?! Талай ансамбльді құрып, таланттарды шығарды. Бір күні Қырғызстанға гастрольмен баратын болдық. Аяқ астынан автобусымыз сынып қалды. Оразбек Бодықов деген драматургтың пьесасын алып баруымыз керек. Оразбек ағаның үйіне барып, мән-жайды айттым. «Жүр, мен сені Өзбекәлі Жәнібековке алып барамын», – деді. Мәдениет министрі бізді қабылдап, дереу көмекшісін шақырды. «Дәл қазір бос автобус бар ма?». «Біреуі тұр, қуыршақ театрына арналған». «Қуыршақ өлмейді, мына жігіттерге беріңдер», – деді. Үш күннен кейін Қырғыз еліне кеттік. Осылай Жәнібековтің жанашырлығын көргенбіз. Одан басқа талай министр болды ғой. Соның бірі Әуезов театрына келіп, «Тренировкілеріңді» қашан бастайсыңдар?» деп айтыпты. Репетиция дегені ғой. Қазір де мәдениет, өнерден хабары жоқ адамдар билікке келіп, қалаймақан болып кеткен тәрізді.

Мен тұрған Қайнар ауылындағы Мәдениет үйінің екінші қабатына кезінде музей жасағанбыз. Қазақ үйден бастап, ұлттық нақыштағы бұйымдар бар. Бір күні Камалиденов келіп: «Мынау не? Өкімет керемет ғимарат салып берді. Жүн-жұрқа, киізбен не істегенсіңдер? Құртыңдар», – деді. Жап-жақсы музей еді. Әрең дегенде басын құрағанбыз. Үш күннен кейін Өзбекәлі Жәнібеков келді. Ол кісі: «Жақсы дүние екен. Әрі қарай дамыту керек. Орталық музейден арнайы маман жіберіп, қаржыландырамыз», – деді. Өз сөзінде тұрып, сол музейге ақша бөлгізді. Бұл тұтас қазаққа деген жанашырлығы деп білемін. Қазір сондай бір адам келсе, оңалып кетер ме едік?! – деп ақтарыла сөйлеген қонағымыз халыққа көп еңбегі сіңген, бірақ есімі ұмытылып бара жатқан жандар жайлы да тебірене әңгімеледі.

– Нарынқолда Мақай Нұрқасов деген кісі болған. Қазақ өнерінің кемеңгері – Асқар Тоқпановтың шәкірті. Асанәлі Әшімов, Нүкетай Мышбаева, Оспанхан Әубәкіров, Сайын Мұратбековтермен консерваторияның театр факультетінде бірге оқыған. Асанәлі Әшімовтің естелігінде: «Мақай болмаса, көбіміз оқи алмай, ауылға қайтар едік. Басқа ұлттың жігіттері ақшамызды тартып алып, киімімізді алып кетіп жүргенде жалғыз қорғаушымыз Мақай болды», – дейді. Өзгелерді қорғаймын деп жүріп, ақыры өзі арандады. Оқудан шығарып жіберді. Кейін елге барып, мұғалім болды, халық театрын ұйымдастырды, өмір бойы өнерге еңбегін сіңірді. Туған жері Сарыбастаудағы Мәдениет үйін сол кісінің атына берсе, қандай ғанибет болар еді?!

Сол сияқты Мәкен Әлиасқаров деген талантты азамат болған. Үш жасында екі көзі шешек ауруынан көрмей қалған. Сөйтіп жүріп мектепті бітірген. Қазіргі Тараз қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне түсіп, сонда оқыған. Кейін мен радиода диктор болып жүрген 70-жылдарда қазіргі Абай университетінің тарих факультетінде де білім алды. Сонымен бірге Жүсіпбек Елебековтің әншілік класын бітірді. Бір басында үш дипломы болды. Төрт кітап жазды. Қазақ радиосының алтын қорында жүзге таяу өзінің шығарған, орындаған әндері бар. Алматыдағы Заңғартар қоғамының Островский атындағы Мәдениет үйін басқарды. Туған жері – Текестегі Мәдениет үйіне атын беруді сұрап қаншама рет ұсыныс айттық, болмай жатыр. Талғарда Мұқанбек Бөрібаев деген азамат «Алатау аясында» деген үлкен ансамбль құрып, бүкіл қазақтың даласын әнге бөледі. Ол кісі жайлы да тырс еткен хабар жоқ, аты өшіп бара жатқандай сезіледі. Шонжыда Мұқанбек Оразбаев деген бір қолы жоқ өнер адамы болды. «Шалкөде ыстықсың сен маған» деген әнді осы кісі жазған. Қарадаланың өнеріне үлкен еңбек сіңірді. Райымбек ауданындағы Қайнар ауылында туған Шаймерген Әлдибеков деген ақын ағамыздың да қазір аты естілмейді. Қараойда Бітім деген азамат болды. Екі құлағы бітеу туған, аузын ашып тыңдайды. Баянда, аккордеонда, домбырада ойнайтын. Құдай талантты аямай берген ғажап музыкант еді. Балқаш өңірінде қаншама концерт өткізіп, байқауларға қатысып, орын алып, сол маңайды жандандырып, гүрілдеткен азамат. Өзімнің ұстазым Рахметбай Телеубаев – Шәкен Айманов бір-екі киноға шақырып, ешқандай актерлік оқуды бітірмей-ақ, Әуезов театрына актер болып кірген адам. Талай мықты рөлдерді сомдады. Шіркін, қандай ағаларымыз еді. Сондай жандарды жүрген жерлеріңізде іздеп-тауып, жазып, насихаттап жүрсеңіздер, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазір Мәдениет үйлерінде маман тапшы. Кезінде республикалық, облыстық халық шығармашылық үйінің қызметкерлері аудан-аудан, ауыл-ауылды аралап, мәдениет жұмысын 2-3 ай сайын тексеріп отыратын. Жыл сайын көркемөнерпаздардың облыстық байқауы өтетін. Бір аудан сол сайысқа келмей қалса, идеологияны басқарып отырған басшы қызметімен қоштасатын. Кезінде Нарынқолда Шахман Есенаманов деген бірінші хатшы қызмет етті. Әр апта сайын аудан орталығында бір шаруашылық концерт өткізетін. Міне, сондай халыққа жаны ашитын адамдар болды, – деген қонағымыз соның арқасында қаншама өнерпаз, спортшы өз жолын тапқанын айтты. Өткен күн өрнектерін сөзбен кестелеп, өнегелі өмір иелері жайлы әңгімеге қанықтырды.

Сөз соңында: «Мұқағали ағаның елу жылдығында Нарынқолға бардық. Облыстық партия комитетінің бөлімінде: «Большевиктерден», «Коммунистерден» үзінді оқисың», – деп нақты айтты. Әбділда Тәжібаев жүргізіп тұр. Мен көрермен арасында отырмын. Бір уақытта сахнаға шақырды. Он минутта айтқандарын оқып бердім. Әрі қарай концертті жүргізуім керек. Сахнаның артына кетіп бара жатыр едім, Асқар Сүлейменов тоқтатып алып, былай деді: «Коммунист» пен «Большевикте» нең бар? Неге «Жапырақ жүрек жас қайыңды» немесе «Қара өлеңді» оқымайсың?». Мен партияның тапсырмасы солай екенін айтып ақталып едім: «Олар сенен микрофонды жұлып ала ма? Өз қолыңда тұрған жоқ па бәрі? Концертті сен жүргізбейсің. Мұқаңа бір қызмет жасайын», – деп тізгінді өзі алды. Содан кейін кез келген концертті Мұқағали ағамның «Қара өлеңімен» бастайтын болдым», – деген Бақытжан Атагелдиев кездесуді ақиық ақынның рухты өлеңімен қорытындылады.

● РУХАНИЯТ

Кітапхана – кемел келешекті қалыптастыратын рухани қазына, білім ордасы. Ауылдық жерлерде кітап оқу залдарын жаңғырту, кітап оқу мәдениетін дамыту ісі қайта жанданып келе жатқаны қуантады. Осы игі бастама аясында Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылында жаңа кітапхана есігін айқара аштық. Салтанатты шара ақын, әнші, сазгер, ағартушы, Алаш зиялысы Қапез Байғабылұлының туғанына 130 жыл толуымен тұспа-тұс келді.

Кітап – білім бұлағы

Мерейтойлық кешті мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дана Төлеуова мазмұнды баяндамамен ашты. Мектеп оқушылары Инабат Құсайын, Елдар Ернарұлы, Толғанай Шеріпақын мен Мейрамбек Нөкербек Қапез Байғабылұлының өлеңдерін жатқа оқып, ақын мұрасын жаңғыртты.

Іс-шара барысында Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев құттықтау сөз сөйлеп, аудандық мәслихат төрағасы Алмасбек Нұғыман, облыстық орталық әмбебап кітапханасының директоры Ғалия Сламбайқызы, ғалым-педагог, жазушы Сағатбек Медеубекұлы кітапсүйер қауымға ақжарма тілектерін жеткізді.

Қапез Байғабылұлының 130 жылдығына арналған концертте Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры Нұрлан Сағынай бастаған өнерпаздар ән мен жырдан шашу шашты. Кітапханаға ғалым Сағатбек Медеубекұлы 200 кітап сыйласа, «Ауылға қамқор азаматтар қоры» атынан 600 кітап тарту етілді. Ал жазушы, журналист Қанағат Әбілқайыр бұл жолы мектеп кітапханасына 170 кітап байғазы берді. Сонымен қатар өзге мектеп кітапханалары мен ауыл тұрғындары тарапынан да ғылыми және көркем әдеби кітаптар жиналып, кітапхана қорын байыта түсті.

Жаңа кітапхана болашақта ауыл тұрғындары түрлі сала бойынша білім алатын рухани орталыққа айналады деп сенеміз. Сондай-ақ ауыл жастарының пікірталас алаңына, кітап оқу, мазмұндама айту сайыстары мен мүшайралар, поэзия кеші өтетін мәдени ошақ болмақ. «Өсетін ел кітаппен дос болады, кітаппен дос болған елге кетпейтін бақ қонады», – деп ойымды қорытындылағым келеді. Ауыл руханияты мен жастардың білімін дамытуға үлес қосып жүрген барша азаматтарға кітапханашы ретінде шексіз алғыс білдіремін. Оқырмандар саны көбейіп, Тоғызбұлақ білімді әрі кітапсүйер ауыл атансын!

Гауһар ТІКЕБАЕВА,
Қапез Байғабылұлы атындағы мектептің кітапханашысы
Кеген ауданы

● ТУРНИР

БАПКЕР ДАҢҚЫН АСЫРДЫ

Талғардағы №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, грек-рим күресінен КСРО спорт шебері, «Парасат» орденінің иегері, ересектер арасындағы КСРО кубогының жеңімпазы Боранбек Қоңыратовтың құрметіне арналған 2011-2013 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында облыстық ашық турнир өтті.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ –

Аталған жарысқа Қазақстан-ның барлық облыстары мен республикалық маңызы бар қалалардан, сондай-ақ Қырғызстан мен Өзбекстаннан 20 команда, 300-ге жуық жас балуан қатысты. Олар 38 келіден 85 келіге дейінгі 10 салмақ дәрежесінде бозкілемде белдесті.

Боранбек Қоңыратов – грек-рим күресінен Қазақстандағы ең танымал жаттықтырушылардың бірі. Ол ондаған жылын осы салаға арнап, еліміздің ең мықты балуандарының тұтас бір буынын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілігімен Лондон Олимпиадасының күміс жүлдегері Демеу Жадыраев пен 2012 және 2016 жылдардағы Олимпиада ойындарының қатысушысы Алмат Кебісбаевтай Қазақстан Республикасының екі еңбек сіңірген спорт шебері дайындалды. Сондай-ақ дарынды бапкер халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған 13 балуанды тәрбиеледі. Олардың қатарында әлемге танымал Дархан Баяхметов, Ербол Қоңыратов, Ербол Камалиев, Олжас Сұлтан және басқа да спортшылар бар. Ең бір қуаныштысы, халықаралық дәрежеде өткен ашық турнир Боранбек Темірғалиұлы шәкірттерінің бастамасы және демеушілік қолдауымен ұйымдастырылды.

Ондағы мақсат – даңқты бапкердің елімізде грек-рим күресін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесіне құрмет көрсету, жас спортшылардың шеберлігі мен жарыс тәжірибесін арттыру, болашағы зор балуандарды анықтау және қолдау, әртүрлі елдер мен өңірлердің командалары және спорт мектептері арасындағы байланысты нығайту, жаттықтырушылар мен спортшылар арасында тәжірибе алмасу.

Екі күн бойы аса тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Қырғызстан Республикасының балуандары бірінші орынды жеңіп алса, Ақтөбе облысының жасөспірім спортшылары – екінші, ал турнир қожайыны саналған Алматы облысының грек-рим күресімен айналасатын кіші жасөспірімдері үшінші орынды иемденді.

Даңқты бапкер Боранбек Қоңыратовтың құрметіне арналған ашық турнир жоғары деңгейде өтті. Жасөспірім балуандардың көбі нағыз спортшыға тән қайсар мінез, жеңіске деген жігер, елімізге еңбек сіңірген спорт қайраткерінің лайықты ізбасарлары қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Жарыс жеңімпаздары чемпиондық белбеу және тиісті дәрежедегі медаль, сондай-ақ грамотамен марапатталды.

Әрине, грек-рим күресі, жалпы спортқа қызығатын отандастарымыз Боранбек Қоңыратовты, оның бұл салаға сіңірген еңбегін жақсы білетіні анық. Десе де, қалың оқырманға тағы бір рет таныстыра кеткен артық болмас. Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы – бар ғұмырын күреске арнаған адам. Үй көрмей, апталап, айлап шәкірттерімен жүреді. 2024 жылы шәкірті Демеу Жадыраев Париж Олимпиадасының күміс медалін алғанда оның жеке бапкері Боранбек Қоңыратовты қаумалап, сый-құрметін көрсетіп жатқан қауымда есеп жоқ еді. Бірақ оның осы бір жеңіс үшін бес олимпиада циклы бойы арпалысып, табаны күректей 20 жыл күткенін елдің бәрі біле бермейді.

– Менің жаттықтырушым өзін тек күрес шеберлерін ғана емес, жеке тұлғаларды да қалыптастыратын тәлімгер ретінде көрсетті. Техника, тактикамен қатар, ол шыңдарды бағындыру жолы – өзіңмен күнделікті жұмыс істеу екенін санамызға сіңіре отырып, психологиялық тұрақтылыққа ерекше назар аударады. Бүгінгі турнир – ұрпақтар сабақтастығының, ұстазға алғыс білдірудің және Боранбек Қоңыратовтың бүкіл өмірін арнаған грек-рим күресіне деген шынайы сүйіспеншілігінің символы, – деді Демеу Жадыраев.

Ал грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Дархан Баяхметов:

– Боранбек Темірғалиұлы бала кезімнен маған тәртіпті, жауапкершілікті және спортқа деген құрметті үйретті. Спортта табысқа жеткендерге жеңілдік жасаған емес, керісінше, басқаларға қарағанда қатаңырақ талап қойды. Бұл мені шынықтырып, спортшы ретінде қалыптасуыма көмектесті, – дейді бапкеріне деген үлкен құрметпен.

«Боранбек – ең бастысы, өз ұстанымы бар, мінезді бапкер, керек жерінде өз позициясы үшін қасқайып тұрып алады. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ұлттық әдебиет пен тарихтан да қара жаяу емес. Асылы, шәкірт ұстаған адамның көкірегінде сәуле болғанына не жетсін?! Боранбек Абайдан бастап, Бауыржан Момышұлын құмартып оқиды. Кез келген мәселеге ой көзімен, тура қарағанды ұнатады. «Тура биде туған жоқ...» демекші, осы мінезімен талайларға жақпай қалатыны бар. Бірақ мінезсіз бапкердің жапырақсыз ағаштан несі артық?!» – деп жазды кезінде танымал спорт журналисі Қыдырбек Рысбекұлы.

Бұл – оған берілген нақты мінездеме, адамгершілік қасиетінің бір парасын анықтайтын бағалы пікір!

Осындай сан жылдық маңдай тердің, тынымсыз ізденістің, шәкіртке деген адалдықтың нәтижесінде Боранбек Қоңыратовқа «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» деген атақ беріліп, «Парасат» орденімен марапатталды. Бұл – бір адамның ғана емес, оның қолынан тәлім алған барлық спортшының ортақ жеңісі екені анық.

Даңқты бапкердің шәкірттері келешекте де халықаралық жарыстарда ел мерейін асырып, талай байрақты бәсекелерде Көк Туымызды желбірететініне күмән жоқ.

Талғар ауданы

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «Илийск (№1, №2, №3 учаскелері)» құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «The best stone» ЖШС, БСН: 240940022804, мекенжайы: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Рахат ауылы, «Есік-Береке БҚ» Тұтыну кооперативі, Аллея 2, 78 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к планам ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Илийск (участки №1, №2, №3)», расположенных на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «The best stone», БИН: 240940022804, адрес: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есик-Береке», Аллея 2, дом 78, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-Тас 2» құмқиыршық тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «AIDYN TAS» ЖШС, БСН: 240240001638, мекенжайы: Алматы қаласы Медеу ауданы Бригадная көшесі, 29 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-Тас 2», расположенного в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «AIDYN TAS», БИН: 240240001638, адрес: г.Алматы, Медеуский район, ул.Бригадная, дом 29, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

23.02.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «Нура-2 (№1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11 учаскелері)» құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

№1 және №8 учаскелердің белгіленген қызметтің бастамашысы: «The Golden Steppe» ЖШС, БСН: 250240031364, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Көктал ауылы, «Ай-Абылай» ш/а., З.Қойшыбаев көшесі, 50 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№2 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Қонаев Тас» ЖШС, БСН: 251040001734, мекенжайы: Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Қаспан ауылы Абай көшесі, 7 үй, 2 пәтер, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№3 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Құм-Көл Капитал» ЖШС, БСН: 250240025022, мекенжайы: Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылы, А.Сагеев көшесі, 28 «Г» үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№4 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Строй камень Конаев» ЖШС, БСН: 250940013282, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылы, Астана көшесі, 28 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№5 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «The golden farm» ЖШС, БСН: 250240034775, мекенжайы: Алматы облысы Енбекшіқазақ ауданы Рахат ауылы, «Есік-Береке БҚ» Тұтыну кооперативі, Аллея 2, 78 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№6 және №7 учаскелердің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Rich fish» ЖШС, БСН: 250240027227, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылы Астана көшесі, 28 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№9 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Байлық Тас» ЖШС, БСН: 250240011697, мекенжайы: Алматы облысы Енбекшіқазақ ауданы Рахат ауылы, «Есік-Береке БҚ» Тұтыну кооперативі, Аллея 2, 78 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

№10 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «Mountain Stone» ЖШС, БСН: 251140005463, мекенжайы: Жетісу облысы Талдықорған қаласы М.Төлебаев көшесі, 100 үй, 22 пәтер, тел: 87071119974, geoconsulting@inbox.ru.

№11 учаскенің белгіленген қызметтің бастамашысы: «ILe Stone» ЖШС, БСН: 250440019692, мекенжайы: Алматы облысы Талғар ауданы Көктал ауылы «Ай-Абылай» ш/а., З.Қойшыбаев көшесі, 50 үй, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13.

С 23.02.2026 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к планам ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Нура-2 (участки №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10, №11)», расположенных на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности по участкам №1 и №8: ТОО «The Golden Steppe», БИН: 250240031364, адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Коктал, мкр. «Ай-Абылай», ул.З.Койшыбаева, дом 50, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №2: ТОО «Қонаев Тас», БИН: 251040001734, адрес: область Жетісу, Кербулакский район, село Каспан, ул.Абай, дом 7, кв.2, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №3: ТОО «Құм-Көл Капитал», БИН: 250240025022, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Каргалы, ул.А.Сагеева, дом 28 «Г», тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №4: ТОО «Строй камень Қонаев», БИН: 250940013282, адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Бесагаш, ул.Астана, дом 28, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №5: ТОО «The golden farm», БИН: 250240034775, адрес: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есик-Береке», Аллея 2, дом 78, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участкам №6 и №7: ТОО «Rich fish», БИН: 250240027227, адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Бесагаш, ул.Астана, дом 28, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №9: ТОО «Байлық Тас», БИН: 250240011697, адрес: Алматинская область, Енбекшиказахский район, с.Рахат, Потребительский кооператив «СО Есик-Береке», Аллея 2, дом 78, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №10: ТОО «Mountain Stone», БИН: 251140005463, адрес: область Жетісу, город Талдыкорган, улица М.Толебаева, дом 100, кв. 22, тел: 87071119974, geoconsulting@inbox.ru.

Инициатор намечаемой деятельности по участку №11: ТОО «ILe Stone», БИН: 250440019692, адрес: Алматинская область, Талгарский район, с.Коктал, мкр. «Ай-Абылай», ул.З.Койшыбаева, дом 50, тел: 87775870009, sek_2906@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰҢҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 148

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Гүлзат БАЙҚОНЫС